

«АҚМОЛА ОБЛЫСЫ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЖАҚСЫ
АУДАНЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІ
ЖАҢА ҚИМА АУЫЛЫНЫҢ Ғ.
АБДІРАХМАНОВ АТЫНДАҒЫ
ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН
МЕКТЕБІ» ІСММ



КТУ «ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ
ШКОЛА ИМЕНИ Г. АБДРАХМАНОВА
СЕЛА ЖАНА ҚИЙМА ОТДЕЛА
ОБРАЗОВАНИЯ ПО
ЖАКСЫНСКОМУ РАЙОНУ
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
АКМОЛЫНСКОЙ ОБЛАСТИ»

021004, Ақмола облысы, Жаңа қима ауылы
Жаңа Қима ауылы, Профсоюз ст.
Телефон 8706251310-10
E-mail: kktu042@yandex.ru

021004, Ақмола облысы, Жақсынский р-н
Село Жаңа-Қима, ул. Профсоюзная, 4
Телефон 8706251310-10
E-mail: kktu042@yandex.ru

БҰЙРЫҚ

2023 жыл 20 тамыз

ПРИКАЗ

№ 94/1

**«2023-2024 оқу жылының басталу және
аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім
алушыларды қорытынды аттестаттаудан
откізу мерзімдерін айқындау туралы»**

«Білім туралы» Қызақстан Республикасы Заңының 5-бабының 38-тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, баспауын, негізгі орта, жалпы орта техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29051 - болып тіркелген) сәйкес, Ақмола облысы білім басқармасы мемлекеттік мекемесінің 2023 жылғы 5 қазандағы № 378 бұйрығы, Жақсы ауданы бойынша білім бөлімінің, 2023 жылғы 06 қазан күнгі №02-01-324 бұйрығы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектепалды сыныбы, шағын-орталық тәрбиеленушілері, 1-4,5-9,10-11 сыныптар, оқушыларының тізімі ҰБДБ негізінде сәйкестендіріліп, жасалталсын. 1-ші сынып 17 оқушы,5-ші сынып-34 оқушы,10 сынып - 20 оқушы тізімге сәйкес жасалталсын. Толымдылығы 20 оқушы және одан көп сыныптарды шетел (ағылшын) тілі, информатика, цифрлық сауаттылық, дәркем оңбек пәндерінен таптырмай білу ұйымдастырылсын. (Қосымша 1) Қоса берілген тізімдер негізінде алфавит кітабына, оқушылардың жеке істері мен басқа да оқу құжаттарына тиісті түзетулер енгізілсін. Электронды сынып журналдары толтырылсын.
2. Мектеп мәртебесіне сәйкес оқу жоснары жасалынып, 2022 жылдың 31 тамызға дейін аудандық білім бөлімімен келісілісін, бекітілсін. Жауапкершілік директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары К.Түлегеноваға жүктелсін.
3. 2023-2024 оқу жылында оқу -тәрбие үрдісін ұйымдастыру барысында «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2023-2024 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы Әдістемелік нұсқау хаты басшылыққа алынсын. Жауапкершілік директордың оқу ісі жөніндегі

орынбасары К.Түлегеноваға және бейінді оқыту ісі жөніндегі орынбасары К.Е.Абдуалиеваға, бірлестік жетекшілеріне, педагогтерге жүктелсін.

4. ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 27 қазандағы «Жаңашы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» №496 бұйрығы, ҚР БҒМ 2021 жылғы 10 маусымдағы №286 бұйрығы «Оқушылардың оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әлебиеттердің, оның ішінде электрондық тасымалдау құралдары тізбесін бекіту туралы» ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазанның «Тісесті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағаздарын бекіту туралы» №595 бұйрықтары басшылыққа алынып, мектепке дейінгі бастауып және негізгі орта жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары, оқу бағдарламалар мен жалпы білім беретін пәндердің таңдау курстарының және факультативтердің үлгісі оқу бағдарламалары жүргізілсін.
Жауапкершілік директордың оқу, бейінді, тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына жүктелсін.
5. Қолданыстағы заң талаптары мен жаңа санитарлық нормаларға сәйкес 2023-2024 оқу жылының 1-11 сыныптардың сабақ кестесі хаткершілік кеңес және ата-ана комитетімен келісіп жасалсын.
 - а. Бес күндік оқу аптасы, оқу сабақтары 45 минуттан бекітілсін.
Жауапкершілік директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары К.Түлегеноваға жүктелсін.
6. Оқу пәндері, арнайы курстар, факультативтер, секциялар мен үйірмелер қосымша кестеге сәйкес өткізілсін және оның күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары 01.09.2023 ж. дейін бекітілсін. Жауапкершілік директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары К.Түлегенова, А.Б.Омароваға жүктелсін.
7. Қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді, орта мерзімді сабақ жоспарларын тексеру, бақылау директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары К.Түлегеноваға және бейінді оқыту бойынша орынбасары К.Е.Абдуалиеваға және тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Б.Омароваға жүктелсін.
8. 1-4, 5-11 сынып оқушыларына бекітілген кестеге сәйкес тегін астық тамақтану ұйымдастырылсын. Жауапкершілік мектептің әлеуметтік педагогі Н. Н.Советханға жүктелсін.
9. Мектептегі кезекшілік кестесі, қонырау кестесі, оқу сабақтары, факультативтер мен секциялар, үйірмелер кестесі 02.09.2023 ж. дейін бекітілсін. Жауапкершілік директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына жүктелсін.1. Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылының басталуы, ұзақтығы және қаниқулы кезеңдерінің мынадай мерзімдері айқындалсын:
 1. Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылының басталуы мен аяқталуының мынадай мерзімдері айқындалсын:
2023 жылғы 1 қыркүйек – 2024 жылғы 25 мамырды қоса алғанда:
1-11 (12) сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы:
1-тоқсан-8 оқу аптасы, күзгі демалыс – күнтізбелік 7 күн (2023 жылғы 30 қазаннан бастап 5 қарашаны қоса алғанда);
2-тоқсан - 8 оқу аптасы, қысқы демалыс - күнтізбелік 10 күн (2023 жылғы 29 желтоқсанның бастап 2024 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда);

3-тоқсан- 16оқу аптасы, көктемгі демалыс – күнтізбелік 11 күн (2024 жылғы 21-31 наурыз аралығында);

1- сыныптарда қосымша демалыс – күнтізбелік 7 күн (2024 жылғы 3-11 ақпан аралығында).

4-тоқсан – 8 оқу аптасы.

10. Қорытынды аттестаттаудың мынадай мерзімдері бекітіледі:

9 (10)- сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары -2024 жылғы 29 мамырдан бастап 10 маусым аралығында;

11 (12) – сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – 2024 жылғы 28 мамырдан бастап 11 маусым аралығында;

Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітіледі:

9 (10)- сынып оқушылары үшін:

1) қазақ тілі/ орыс тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектеп білім алушылары үшін – жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) – 2024 жылғы 29 мамыр;

2) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмыс) – 2024 жылғы 3 маусым;

3) орыс тілінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) және қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) – 2024 жылғы 6 маусым;

4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын), информатика) – 2024 жылғы 10 маусым;

11 (12) – сынып оқушылары үшін:

1) қазақ тілі/ орыс тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан -2024 жылғы 28 мамыр;

2) алгебра және анализ бастама тараы бойынша жазбаша емтихан -2024 жылғы 31 мамыр;

3) Қазақстан тарихы бойынша аулшн емтихан – 2024 жылғы 4 маусым;

4) таңдау пәнібойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзілік тарих, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын), информатика) – 2024 жылғы 11 маусым;

11. Мектептегі оқу күні 2-ауысымда. 1 ауысым сағат 8.30- да, II- ауысым үшін 14.00- де басталсын.

12. Үйден оқытылатын 1 оқушының жұмыстық оқу жоспары, сабақ кестесі талаптарға сәйкес құрастырылсын.

13. Қонырау кестесі санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес 2-ші және 4-ші сабақтардан кейін 15 минут, калғын сабақтар арасында 5 минуттай белгіленсін. Сынып сағаттары, таңдау , элективті курстардың жүргізілуі инвариантты компонент сағаттарынан кейін, санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға негізделіп қосымша кестеге сәйкес өткізіледі.

14. Аз қамтылған оқушыларға, көп балалы отбасынан шыққан, қиынқорлықтағы балаларға 31.08.2023 ж. дейін оқулықтар беру ұйымдастырылсын. Жауапкершілік кітапханашы Т.С.Есенгуловаға, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Б.Омароваға, сынып жетекшілерге жүктелсін.
15. Мектеп білім алушыларын оқулықпен қамтамасыз ету 01.09.2023 ж. дейін ұйымдастырылып, таратылып берілсін. Жауапкершілік кітапханашы мен сынып жетекшілерге жүктелсін.
16. «Төң қауіпсіздігі» туралы мектеп қызметкерлерінің білімін тексеру өмір қауіпсіздігі нұсқаулықтарымен, жұмысшылар, педагогтармен танысу туралы журнал жүргізілсін.
17. Бұйрықтың орындалуын бақылау мен қамтамасыз етіміне қамсыз қалдырылсын.



Мектеп директоры

A handwritten signature in blue ink, appearing to read 'Д.Биримжанова'.

Д.Биримжанова

Мектеп директорының
2023ж. «20» тамыз
№ 94/1 бұйрығына қосымша 1

Мектепалды даярлық тобы-21 оқушы

1 сынып – 17 оқушы,
қазақ сыныптары – 17

6 сынып- 20 оқушы
қазақ сыныптары - 20

2 сынып – 15 оқушы,
қазақ сыныптары – 15

7 сынып – 20 оқушы
қазақ сыныптары - 20

3 сынып- 21 оқушы,
қазақ сыныптары - 21

8 сынып – 21 оқушы,
қазақ сыныптары - 21

4 сынып- 16 оқушы,
қазақ сыныптары - 16

9 сынып – 13 оқушы,
қазақ сыныптары - 13

5 сынып- 34 оқушы,
қазақ сыныптары – 34

10 сынып – 20 оқушы,
қазақ сыныптары - 20

11 сынып- 17 оқушы,
қазақ сыныптары – 17

Үйден оқытылатын 2 оқушы